

**2023-2024 оқу жылына арналған  
Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде  
тәрбие жұмысын талдау.**

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар берілді. Осы оқу жылы сол кешенді жоспарды басшылыққа ала отырып құрылды. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- 1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
  - 2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
  - 3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
  - 4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

- 1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- 2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- 1) Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- 2) Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- 3) ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- 4) қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- 5) Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- 6) қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- 7) Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- 8) ұлттық мәдениетті дәріптеу.

**Күтілетін нәтижесі:**

- 1) отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- 2) мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- 3) елінің тарихын құрметтейді;
- 4) ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- 5) құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

**Ар-ұят құндылығы:**

- 1) академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- 2) адал еңбекті құрметтеу;
- 3) сөзіне берік, ісіне адал болу;
- 4) халқына адал қызмет ету
- 5) әдеп нормаларын ұстану;
- 6) шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- 7) достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу мейірімділік таныту;
- 8) өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- 1) ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- 2) сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

- 3) ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- 4) достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- 5) кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- 1) сыни және креативті ойлау;
- 2) жеке және командамен жұмыс істей білу;
- 3) білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- 4) физикалық белсенді болу;
- 5) салауатты өмір салтын ұстану;
- 6) технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- 7) дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- 8) уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- 1) жан мен тән тазалығын сақтайды;
- 2) дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- 3) қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- 4) ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- 5) ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарады.

2023-2024 оқу жылында мектепте келесі санаттағы балалар оқиды:

Қамқоршылықтағы балалар - жоқ,

Аз қамтылған отбасы балалары – 3 оқушы

Көп балалы отбасы балалары – 9 оқушы

Толық емес отбасы балалары – 2 оқушы

Дін жолында, ормал тағатын оқушылар- жоқ

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылар – жоқ

Жартылай жетім отбасынан -4 оқушы

Әлеуметтік-психологиялық қызмет аталған оқушылар оқытумен қамту, консультациялық көмек көрсету, тегін кеңсе тауарларымен, киім-кешекпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысқа мектеп мұғалімдері мен ата-аналар қауымы атсалысты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында

1-қыркүйек Білім күніне орай Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде «Мектебім мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя бірге

сыңғырлаған қоңырау үнімен табысатын күн. Жаңа мектебімізде алғашқы қоңырау үні естілді. 2023-2024 оқу жылында 1 сынып табалдырығын 3 оқушы аттап, сынып жетекшісімен танысты. Салтанатты жиында ҚР Мемлекеттік Туы енгізіліп, Гимн орындалды. Салтанатты жиынның алғашқы қоңырауын мектеп табалдырығын аттаған 1 сыныптың оқушылары соқты. Салтанатты жиын аяқталғаннан кейін барлық сыныптарға «Мектебім – мейірім мекені» атты тәрбие сағаттары өтті.

1-қазан қарттар күні мерекесі қарсаңында ауылдағы жалғыз басты және көп балалы ана Бисембетова Маржан әжейге сыйлық табысталды. Ұстаздар күні қарсаңында мектебімізде «Дублер күні» өткізілді. 7-9 класс оқушылары қатысты. Оқушылар ұстаздық дол қиын да қызықты мамандық екенін түсінді. Ұстаздар күнінде «Ұстаз-ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді. 25-қазан Республика күні мерекесі қарсаңында «Тәуелсіз елім Қазақстан» тақырыбында патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай оқушыларға ұлттық теңгенің маңыздылығын кеңінен насихаттау мақсатында 5-9 сынып оқушыларына "Төл теңгеге-30 жыл" тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ақтөбе облыстық полиция департаментінің 07.11.2023 жылғы #30/10-102/3642 хатына сәйкес, 13-19 қараша күндері "Жол жүрісі қауіпсіздігі апталығы" кең ауқымды республикалық акциясы аясында, Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінің бастауыш сынып оқушыларымен "Жол ережесін білейік" тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді.

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің №3309 бұйрығы, «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» мм-нің 07.12.2023ж №5990 бұйрықтары аясында Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде «Желтоқсан желі ызғарлы» тақырыбында Желтоқсан оқиғасына қатысқан желтоқсан құрбандарын еске алу кеші өтті. Сонымен қатар Тәуелсіздік күніне арналған кітап көрмесі, тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Жаңа жыл мерекесіне орай мектебімізде 1-9 сыныптар арасында "Қош келдің, Жаңа жыл!" тақырыбында мерекелік кеш өтті.

Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде «Тоғыз айға, 9 іс-шара» жоспары бойынша «Асық ату» челленджі өткізілді.

Мақсаты: Асық ойнау арқылы баланың бұлшық ет жүйесін шынықтыру. Ұлттық ойындарды насихаттау. Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде «Тоғыз айға, 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Қазақ есбеі» челленджі өткізілді.

Қазақ есбі челленджінде А.Жұмаділдаевтің ұсынған есептерін шығарды.

Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде «Тоғыз айға, 9 іс-шара»

тұжырымдамасы аясында «Болашаққа хат» тақырыбында диктант жазылды.

Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде «Тоғыз айға, 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Домбырашылар» челленджі өткізілді.

Домбырамен күйді дене шынықтыру мұғалімі Амангос Заманай тартты. Домбыра – қазақ халқының қастерлі ұлттық музыкалық аспабы. Бабаларымыздан мирас болып қалған домбыраның тарихи тамыры ғасырларға ұласады. Домбыра – баға жетпес жәдігер, қазақ халқының бойтұмары.

Жаңатұрмыс негізгі орта мектебінде «Тоғыз айға, 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Оқуға құштар мектеп» челленджі өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» челленджі отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттауға, білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талдау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашалық қиялын қалыптастыруға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға ықпал етеді.

14 – наурыз көрісу Амал мерекесіне орай, оқушыларды қазағымыздың салт — дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу мақсатында сынып сағаттары өткізілді. 15 наурызда – мейірім мен қайырымдылық мерекесі. Бұл күні мектебімізде мейірімділік пен татулыққа арналды. Кімге болсын құшағын жайып, қонақжайлық көрсету – қазақтың қанында бар қасиет, осыған орай, мектебіміздің Мадт мен 1 класс оқушыларының ата-аналары «Наурыз көже» пісірді. 16 наурыз Наурызнама онкүндігінің үшінші күні - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениет, өнер мен ұлттық салт-дәстүр насихатына арналған, Осыған орай, мектебімізде сынып сағаттары өткізілді. 17 наурыз Наурызнаманың төртінші – "Шаңырақ күні". Бұл күн елімізде жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді. Тұлғалық болмыс, Отансүйгіштік, бәрі отбасында қалыптасады. Осыған орай Мадт мен 1 класс оқушыларына «Наурыз бата» берілді. 18 наурыз Наурызнаманың бесінші күні – Ұлттық киім күні. Ұлттық киімдерді танымал етуге және сәнді киімді көрсету, дәріптеу мақсатында ұлттық киім күні челлендж ұйымдастырылды. 20-наурыз Ұлттық спорт күні. Ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылықтың артуын мақсатында мектебімізде арқан тартыс, асық ату, қол күрес гір көтеру ұйымдастырылды. 22 наурыз –Жыл басы. Стильді этноауылдарға бөлініп жыл басы наурыз мерекесін әр сыныптар ойдағыдай тойлады. Оқушылар өз өнерлерін көрсетті.

**ҚОРЫТЫНДЫ:**

Қорыта келгенде, сыныптар бойынша тәрбие жұмысы көздеген мақсатқа шамалап жетті. Жоспарланған іс-шаралар, ашық тәрбие сағаттары барынша өткізіліп, талданды.

**Шешім:**

1. Сынып сағаттары мен ашық тәрбие сағаттарын өтуде тәрбие жұмысының формасы түрленсін;
2. Оқушыларды жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастырып дамытуда сыныптан, сабақтан тыс іс-шараларға, түрлі байқаулар мен спорттық жарыстарға жиі қатыстырылсын;
3. Мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспарын, тәрбие жұмысының мақсатын жүзеге асыру барысында сапалы жұмыстар атқарылсын.

ДТПЖО.Сарсенова М.Х.